



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

4. Кривеньшева, Е.Н. Аксиология молодежного лидерства в регионе /Е.Н. Кривеньшева // Регионология. - 2009. - №3. - С.221-229.
5. Кулинцева, Ю.С. Формирование лидерских устремлений у студентов ВУЗа: автореферат дисс. канд.пед.наук / Ю.С.Кулинцева. - Сочи, 2013 - 22с.
6. Ларионов, В.Г. Природа лидерства / В.Г. Ларионов, О.Н. Мельников // Российское предпринимательство. - 2001. - № 2/4.- С.13-19

УДК 54.65

ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН БИЗНЕС-ИНКУБАТОРЛАРДЫ ДАМУДАҒЫ АҚШ ТӘЖІРИБЕСІ

Шингизбаева Мадина

shingizbaeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 5В090500-«Әлеуметтік жұмыс»

мамандығының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Д.О.Досмурзаева

Қазіргі таңда нарықтық экономика заманында бизнес-инкубаторлардың атқаратын рөлі өте зор. Нарықта бәсекеге қабілетті кәсіпорындардың көбеюі – өнім немесе қызмет түрлерінің сапасын арттырып, тұтынушыға таңдау мүмкіндігін көбейтеді. Бүгінгі таңда дамыған елдердің әл-ауқатының негізгі себебі шағын және орта кәсіпкерліктер болып табылады. АҚШ, Франция, Англияда бұл көрсеткіш 50%, Жапония мен Қытайда - 60% ға ие.[1]

Бизнес-инкубатор - бұл шағын бизнес пен фирмалардың дамуына барынша қолайлы жағдайлар жасайтын ұйым. Көрсетілетін қызметтердің ауқымы, әдетте, мыналарды қамтиды: керекті құралдармен жабдықталған кеңсені немесе өндірістік мекемені жеңілдікпен жалға беру, түрлі қызметтер көрсету және оларға үйрету (іс-қағаздар жүргізу, ақпараттық, құқықтық, консалтинг). Бизнес-инкубатордың ең негізгі мақсаты кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін, бірақ оны өз күшімен бастай алмайтын кәсіпкерлерге бастапқы кезеңде және оған дайындық кезеңінде қолдау көрсету. Коммерциялық маңызды идея төңірегінде өз бизнесін бастауды қалайтын кәсіпкерлер, ғалымдар, өнертапқыштар, бизнес-инкубатордан қажетті ақпаратты алуға, мамандармен кеңесе отырып жеңілдікті шарттармен кеңсені жалға алу мүмкіндігіне ие болады.

Қазіргі заманауи бизнес-инкубаторларға ұқсас мекеме ең алғаш 1959 жылы Америкада құрылды. Оның идеялық авторы – Джозеф Манкусо. Ол Батавия қаласында ісі насырға шауып бара жатқан фабриканың қарапайым қоймасын сатып алады. Осылайша «Батавия өнеркәсіптік орталығы» - қазіргі таңда қарқынды дамыған, табысты алғашы бизнес-инкубаторлардың бірі болды. Экономикалық дағдарыс кезінде өз елінде жаңа жұмыс орындарын құру мақсатында өз жоспарын жүзеге асырған болатын. Оның идеясы бүкіл әлемге таралып, 1985 жылы әлем бойынша шағын және орта бизнеске көмек көрсету үшін 70 мекеме құрылып, табысты жұмыс жасай бастады. Осы идеяны қолдаған және қолдайтын елдердің үкіметтері инновация саласындағы экономикадағы елеулі серпілісті атап өтті.[2]

АҚШ-тағы бизнес-инкубаторлардың саны 1980 жылдан 2006 жылға дейін әлемдегі үлкен сандарға артты. Сондықтан дамушы елдердің инкубаторларында көптеген тәжірибелер американдық тәжірибелерден алынған.

Америкалық бизнес-инкубаторлардың негізгі ерекшеліктері:

- Құрылған фирмалардың 87%-ы бұрынғыша жергілікті қоғамдастықтарда жұмыс істейді;

- Мемлекет тарапынан қолдау тапқан инкубаторлардың әрқайсысы шамамен 1100 АҚШ долларынан тұратын жұмыс орындарын құрып отырады;

- Инкубатордың арқасында жұмысын бастаған әрбір 50 кәсіпкер қоғамда тағы 25 жұмыс орнын ашады;

- Инкубаторлардың тұтынушылары мен түлектері 1980 жылдан бері шамамен жарты миллион жұмыс орнын құрды;

- Инкубаторлардың 22% -ы жарналық қағаздар мен роялтиға ие;

- 75% инкубаторлар коммерциялық емес болып табылады;

Инкубаторлардың демеушілері

Инкубацияланған америкалық бағдарламалар, әдетте, жергілікті экономикалық даму органдарының бастамалары ретінде басталады. Алдын ала дайындықтан өткеннен кейін Сауда департаменті, Экономикалық даму департаменті, Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету, Ауыл шаруашылығы және өңірлік даму агенттіктері, Қаланы дамыту бөлімі секілді федералды агенттіктер қосылады.

Федералды қаржыландыру тұтынушы компаниялардың ғылыми-зерттеу жәрдемақыларымен, дайындыққа арналған және құрылыс шығындарымен шектеледі. Сондықтан, көптеген әкімшіліктер қосымша қаржыландыруды ұлғайту үшін айтарлықтай уақыт пен күш жұмсауды қажет етеді.

АҚШ инкубаторларына демеушілік көрсеткіштері:

Демеушілер:	Пайыздық көрсеткіш:
Мемлекет/аудан/жергілікті өзін-өзі басқару	24%
Демеушісіз	18%
Экономикалық даму тобы	18%
Оқу мекемелері	20%
Венчурлық капитал	8%
Басқа	12%

Дереккөз (NBIA, 2000; <http://www.nbia.org>)

Америкалық инкубаторлардың 75%-ы коммерциялық емес, 25% -ы коммерциялық негізде жұмыс жасайды. Барлық инкубаторлардың жартысына жуығы үкімет пен үкіметтік емес ұйымдардан қолдау табады. Олар, ең алдымен, экономикалық даму мәселелерін шешуге бағдарланған. Сондықтан олардың ең басты міндеті – жұмыс орындарын құру, экономиканы әртараптандыру және коммунады құрылымдардың салық базасын кеңейту болып табылады. Бизнес-инкубаторлардың шамамен 19%-ы жоғарғы оқу орындары мен колледждердің жанында орналасқан. Олардың мақсаты spin-offs деп аталатын ғалымдар мен бітіруші түлектер құрған жаңа компанияларға көмек көрсету. Мұндай инкубаторлардың шамамен 16%-ы мемлекеттік ұйымдар мен жеке секторлар тарапынан қаржыландырылады және тек қана жоғарғы технологиялардың коммерциялануы мен трансферттермен айналысады.

Төмен табысты аймақтарда бизнес-инкубацияны дамыту үшін президент Обаманың 2010 жылғы бюджеттік ұсынысында 50 млн АҚШ долларын құрады. Бастапқыда мемлекет бизнес-инкубаторларды 50% - 80%-ға дейін старт-ап компаниялардың жәрдемақылары түрінде қаржыландырып отырды.

2009 және 2010 жылдары бизнес-инкубаторларды насихаттау туралы акті АҚШ-тың жаңа бизнес-инкубаторларды қолдауға бағытталған «Фасилитация және сауықтыру туралы» заңы арқылы іске асырылды, ол тек бастапқы қаржыландырудың тиісті қорларына жеңілдетілген қолжетімділікпен ғана емес, сондай-ақ бизнес-инкубатордың техникалық-экономикалық негіздемесі үшін гранттар беру арқылы да жүзеге асырылды. Бұл заң, сондай-ақ, тұрақты даму жоспарын іске асыруда бизнес-инкубаторларға көмек көрсету мақсатында ратификацияланды. Бұдан басқа, федералды үкімет инкубатор ұсынатын қызметтер сияқты материалдық емес шығындарды қосымша қаржыландыру үшін заң қабылдауды жоспарлады.

АҚШ-та бизнес-инкубаторлардың қызмет ету салалары әр түрлі болып келеді. Жас суретшілер мен әртістерге көмек беріп, оларға алаңдарды жалға беретін өнер инкубаторлары да құрылған. Сондай-ақ, ауылшаруашылық инкубаторлары, өнеркәсіптік, қарапайым өнімдер шығаратын, әйелдер кәсіпкерлігінің белсенділігін қолдайтын инкубаторлар, мүгедектер мен

жоғары технологиялы кәсіпорындарға арналған инкубаторлар да баршылық. 1980 жылдары мұндай бизнес-инкубаторларға көмек көрсетумен Шағын кәсіпкерлікті қолдау басқармасы айналысты. Ал қазіргі таңда мұндай бағдарламалар жергілікті биліктің бастамасы бойынша жасалады. Олар әрбір штат аумағында орналасқан инкубаторларға баға береді. Бизнес-инкубаторлар болмаған жағдайда оның қажеттілігі жайлы өз хабарламаларын федералды органдарға жібереді. Осындай ұсыныстар негізінде бизнес-инкубаторларға гранттар мен несиелік қаражаттар бөлінеді. Қазіргі уақытта америкалық инкубаторлардың шамамен 70%-ы мемлекеттік субсидиялар алады.[4]

Орта есеппен алғанда, мемлекетте бизнес-инкубаторлардан бастау алған кәсіпорындардың 47%-ы өз ісін нәтижелі бастап, табысты жалғастырып кетеді. Ірі инкубаторлардың нәтижелі жұмыс жасауы аймақтың экономикалық дамуына елеулі оң әсер етеді. Мысалы, 1990 жылы Техас штатында орналасқан Остин технологиялық инкубаторы кәсіпкерлік инфрақұрылымын дамыту, аймақтық бюджетке салық түсімін арттыру және кеңселік кеңістіктерге сұранысты арттыру арқылы экономиканың дамуына едәуір үлесін қосты.

АҚШ-та бизнес-инкубаторлардың арқасында нәтижелі табысқа қол жеткізген бірнеше кәсіпкерліктерді атап өтейік:

Миссисипи штатындағы Билокси қаласында 1990 жылы өндірістік және сервистік кәсіпорындарға қызмет көрсететін инкубатор құрылған. 2003 жылға дейін осы инкубатордың арқасында 25 компания өзінің қызметінен 30 млн АҚШ долларынан астам табыс тауып, 344 адамды жұмыспен қамтып, оларға 30 млн доллар көлемінде жалақы төлеп отырған. Жоғарыда атап өтілген Техас университетінің қарамағынан ашылған Остин технологиялық инкубаторы бастаушы кәсіпорындарға жоғары технология саласында қолдау көрсетеді. Және қаржы көздерін іздеп, өндірілген өнімді нарыққа шығаруға көмектеседі. 1989 жылдан бастап инкубатор Остиндегі 2800-ден астам жоғары ақы төленетін жұмыс орындарын құрды, сыртқы капиталды 600 миллион долларға дейін ұлғайтты. Инкубаторлардың түлектері мен тұтынушылары шамамен 1,5 млрд доллар табыс тапты. Тағы бір мысал - Грузияның Атлантадағы Джорджия технологиялық институтының аумағында орналасқан ең ескі технологиялық инкубатор. Бұл инкубатор озық технологияларды дамыту орталығы болып табылады. Қазіргі таңда штат бойынша үш аумақты өз қарамағына алып, Атланта бойынша үш инкубаторға ие. 2002 жылы инкубаторға қарайтын 44 компания 94 млн доллар көлеміндегі қаржыны несиеге алып, 4900 ден аса жалақысы жоғары жұмыс орындарын құрып, 684 млн доллар табыс тапты.

XX ғасырдың соңғы онжылдығында биотехнология саласы басқа салаларға қарағанда қарқынды дамыды. Бүкіл әлем бойынша осы саланың көшбасшылары Калифорния университетінің зерттеушілері болды. Биотехнологияны дамытумен айналысатын ұлттық фирмалардың үштен бірі осында орналасқан. Калифорнияда осы салада 15 жыл ішінде 60 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылып, жылдық орташа табыс 75 мың долларды құрады. Биотехнологияны зерттеу бойынша алдыңғы қатарлы орындарды иеленетін әрбір алтыншы фирманы Калифорния университетінің ғалымдары құрады. Бітірушілердің 57%-ы фирмаларда басшылық лауазымға ие болса, олардың 85%-ның ғылыми дәрежесі бар.

Биотехнологияны зерттеу саласының тағы бір орталығы Флорида университетінде орналасқан. Бұл Сид Мартиннің биотехнология бойынша бизнес-инкубаторы болып табылады. Ол штат аумағында орналасқан барлық технологияларды коммерциялық жобаларға айналдыруға көмек береді. Сондай-ақ, бастапқы капиталды қалыптастыру, заманауи өндірістік инфрақұрылым мен бизнесті дамытуға қол ұшын береді. Инкубатор биотехнологиялық кәсіпорындарға қолдау көрсетіп, оларды зертханалармен, жылыжайлар мен керекті жабдықтармен қамтамасыз етеді.

АҚШ-тағы индустриялық инкубаторлардың жетістігі - жоғары технология секторында жаңа фирмалардың нарыққа шығуына кедергі келтіретін жағдайларды азайтуға бағытталған мемлекеттік саясаттың, институционалдық инновациялар – венчурлық капиталдың арқасында деп түсіндіреді профессор Натан Розенберг. Аталған факторлардың қатарына

орынды тәуекел ету, этникалық алуан түрлілік пен Ұлттық бизнес-инкубаторлар қауымдастығының ықпалын да қосуға болады.

Бизнес-инкубациялауды мемлекеттік қолдау бойынша америкалық бизнес-инкубаторлар қауымдастығы.

NBIA дегеніміз не?

Бизнес-инкубацияның ұлттық қауымдастығы (National Business-Incubation Association - NBIA) – кәсіпкерлікті дамыту мен бизнес-инкубациялаудан әлем бойынша жетекші ұйым. Әр жылы компанияның бастапқы құрылу кезеңінде көмек көрсету үдерісін жетілдіру үшін мамандарға қажетті ақпараттық, білім беретін, насихаттаушы және желілік ресурстарды ұсынады. Әлемге әйгілі бизнес-инкубаторларды басқаратын кеңес басшыларының дауыс беруі арқылы сайланған тұлға – қауымдастықтың басшысы болады.

NBIA мүшелері кімдер болады?

Бұл қауымдастық 60 тан астам елде 2100 ге жуық қолданушыға қызмет көрсетеді. NBIA мүшелерінің көп үлесін менеджерлер мен инкубаторды әзірлеушілер құрайды, олардың шамамен 25 пайызы АҚШ тан өзге мемлекет азаматтары.

NBIA негізгі міндеті қандай? Кәсіпкерлікті дамыту мен жеке мүмкіндіктерді арттыру үшін, әлем бойынша қауымдастықты нығайту үшін бизнесті құру үдерісін жылдамдатады. Бұл мақсатқа жету үшін бизнес-инкубаторлардың дамуы мен басқару мәселелері бойынша ақпараттық үйлестіру орталығы ретінде жұмыс атқарады. Қауымдастық әрбір мүшесінің кәсіби дамуын қолдайтын бірнеше іс-шараларға қатысады:

- Мамандандырылған тренингтер мен конференцияларды ұйымдастыру;

- Инкубаторларды дамыту мақсатында түрлі коопорациялармен, үкіметпен консультациялар жүргізу;

Ресми инкубаторлық бағдарламалар барлық штаттарда жоқ, алайда, мұқият қарасаңыз бейресми қолдау түрлерін де табуға болады. Мысалы, Оклахома штатында инкубаторларды басқаратын ұйымдарға және олардың клиенттеріне арналған салықтық жеңілдіктер қарастырылған. Инкубациялаушы ұйымдар он жылға дейін табыс салығынан босатылады. Бұл құқықты иелену үшін оларды алдымен Сауда министрлігі сертификаттайды. Штаттың экономикалық даму бойынша бас маманы Джеймс Джонсонның айтуынша әрбір іс жеке-жеке қарастырылады. Алайда, әдетте, мемлекет қызметтердің көрсетілуіне, бағдарлама менеджерлерінің жалдаушы фирмаларға көмектесу үшін қолданылатын тәжірибесі бар екендігіне көз жеткізуге тырысады. Инкубатордың клиенттік компаниялары мемлекеттен табысқа салынатын салықтан 5 жыл көлемінде босатылады. [3]

«Стартаптарды қолдайтын инновациялық инкубаторлар пайда болғанда оларға қолдау көрсетуді күшейту қажет екенін, мемлекеттік кіріске қаржылық әсер ету аздық ететінін түсіндік» - дейді Джонсон.

Бизнес-инкубатор – кәсіпкерліктің, кәсіпорындар мен фирмалардың өз ісін сәтті бастап, табысты нәтижелерге қол жеткізуге қолдау көрсетіп, дамуы үшін керекті ресурстар мен қажетті қызметтер жиынтығымен қамтамасыз ету арқылы өсуін жеделдетуге бағытталған экономикалық дамудың арнайы құралы болып табылады.

Бизнес-инкубаторларды дамыту елімізге қажетті құбылыстардың бірі. Ал, бизнес-инкубаторларды дамыту бойынша әлемде АҚШ алғашқы орынға ие болғандықтан, олардың тәжірибесіне жүгіну Қазақстанды осы бағытта алға жетелейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Вестник Томского государственного университета. 2013. № 369. С. 122–125
2. <http://www.tpark.ru/14/index14.htm>
3. National Business Incubation Association, NBIA. URL: <http://www.nbia.org>
4. Государственная поддержка бизнес-инкубирования: международный опыт. Информационная поддержка Национальной Палаты Предпринимателей Республики Казахстан